

Қарақия



№2 (1235) 16 қаңтар 2025 жыл Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады

www.mangystaumedia.kz

газет 1985 жылдың
1 шілдесінен шыға бастады

Жұмыссыздық мәселесі

100-ден аса тұрғындарды қабылдады



Қарақия ауданы әкімі Сымбат Төреатаев тұрғындармен аудан әкімдігінің мәжіліс залында жеке және жалпы қабылдау өткізді.

Қабылдауға аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік мекеме басшылары және жауапты мекеме өкілдері қатысты. Ауыл азаматтарының негізгі мәселелері: жер, тұрғын үй және жұмыссыздық. – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы» -деп, жариялағаны баршамызға мәлім. Бұл мәселе тек біздің ғана ауданымызда емес, облыс, республика көлемінде орын алуда. Осы жылы оң нәтиже күтілуде. Барлық кәсіпорын, мекеме көлеміндегі бос орындарға ең алдымен әлеуметтік жағдайы қаралып, жолдануда. Қазіргі таңда, облыс көлемінде жұмысшы мамандықтар жылына арналған жоспар жасақталып, түйткілді



мәселе шешімі болар деп сенім артудамыз,- деді аудан басшысы Сымбат Қуанышұлы жалпы қабылдауда.

Өз кезегінде аудан әкімі тұрғындар мәселесіне қатысты тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Сәби денсаулығы

ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚ СОҢҒЫ ҮЛГІДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Маңғыстау облыстық көпбейінді ауруханасының перинаталдық орталығы соңғы үлгідегі, жоғары сапалы медициналық құрылғылармен – гипотермия аппараты, өкпені жасанды желдету құрылғысы және жаңа туған нәрестелерге арналған инкубатормен толықты.



Сәбидің жетілуіне мүмкіндік беретін медициналық жабдықтар Маңғыстау облыстық әкімдігінің және «DUNGA OPERATING GMBH» компаниясының қолдауымен алынды. Құрылғыны табыстауға облыс әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бекболат Ізбасаров, демеуші компанияның бас директоры Нұржан Әбдірахманов және көпбейінді аурухананың директоры Руслан Бекібаев қатысты.

Перинаталдық орталықтың жансақтау бөлімі меңгерушісі, неонатолог-дәрігер Умид Рашидовтың айтуынша, гипотермия аппараты ауыр асфиксиямен туған сәбидің өмірін құтқарып, бас-ми ісігінің алдын алу үшін қажет. Аппарат жаңа туған нәрестенің дене қызуын қалыпты жағдайда ұстап тұруға көмектеседі. Содан кейін баланы біртіндеп жылытады. Бала ағзасындағы метаболизмді өзгертуге, миды глюкозамен қамтамасыз ете отырып, орталық жүйке жүйесінің жасушаларын қайтымсыз зақымданулардан қорғауға мүмкіндік береді.



Будан бөлек медициналық орталықта шала туған нәрестелерге арналған 8 инкубатор сатып алынды. Мұнда шала туған нәрестелер салмақ қосқанға дейін жата алады. Барлығы автоматты түрде жұмыс істейді, яғни, ылғалдылығы, температурасы сақталып, балаға қажетті жағдай жасайды.

Айта кетсек, перинаталдық орталықтың жансақтау бөлімі бытыр ақпанда ашылған. Бөлімше 6 нәрестеге арналған. Қазіргі таңда жансақтау бөлімінде 8 нәресте ем алып жатыр.

Бетті дайындаған Г.БӨЛЕКБАЕВА.

Қоғамдық кеңес

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ



Қарақия ауданының мәслихаты «Қарақия аудандық Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» шешімімен Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі Жұмыс тобымен таңдалған Қарақия ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамы бекітілді.

Қоғамдық кеңес – Республикалық және жергілікті деңгейде талқылаулар мен шешімдер қабылдау кезінде қоғамдық пікірді ескеріп, ел ішіндегі проблемаларды қозғап, азаматтық қоғамның мүдделерін білдіретін Ұлт жоспарына қажетті маңызды институт. Елімізде азаматтық белсенділікті жандандыру, мемлекет пен қоғамның саналы серіктестігіне жол ашу мақсатында Қоғамдық кеңестер құрылған болатын. Қоғамдық кеңес – мемлекет қабылдайтын шешімдердің жариялы, ашық болуын қамтамасыз ететін консультативтік-кеңесші, әрі бақылаушы орган. Қарақия ауданының Қоғамдық кеңесі Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес қызмет атқарады.



2022 жылдың ақпан айында құрылған аудандық Қоғамдық кеңестің өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты аудандық мәслихат 2023 жылы 10 желтоқсанда Қарақия аудандық қоғамдық кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобын құру бойынша жұмыстарын бастады.

Жұмыс тобы 6 (алты) адамнан құрылды. Оның үштен бірі мемлекеттік органдардан, үштен екісі коммерциялық емес ұйым мен азаматтық қоғам өкілдері.

2024 жылы 23 желтоқсанда Қоғамдық кеңес мүшелігіне үміткерлерді ұсыну туралы аудандық мәслихаттың электрондық сайты арқылы хабарландыру берілді және әлеуметтік желі арқылы қайталанды.

Жұмыс тобы 2024 жылдың 13 қаңтарында Қарақия ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамын талқылау, кандидаттармен әңгімелесу және ашық дауыс беру қорытындысы бойынша 13 азаматтан тұратын Қоғамдық кеңестің жаңа құрамы сайланып, аудандық мәслихат төрағасына бекітуге ұсынды.

Құрам жұмыс жасауға толық қабілетті.

Қарақия ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы

КАРАКИЯ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

- Бегниязов Ержан Сақтауұлы
Қарақия аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Құрық ауылы
- Агиев Мендибай
«Үстірт» табиғи қорығы директорының орынбасары, Құланды ауылы
- Абдуллаев Терекбай Кизметович
Зейнеткер, Бостан ауылы
- Бегеева Тойындық Жауғанқызы
Зейнеткер, Жетібай ауылы
- Матиков Қошқарбай
«Жасыл әлем Маңғыстау» ЖШС директоры, Сенек ауылы
- Түркменбаева Джансулу Союнбаевна
Зейнеткер, Мұнайшы ауылы
- Нурханова Бақытжан Умирбаевна
Қарақия кәсіптік колледжі, мұғалім, Құрық ауылы
- Ыбраев Серікқали Ернарұлы
Жеке кәсіпкер, Жетібай ауылы
- Күрегулов Кенжебек Утеулиевич
Жеке кәсіпкер, Құрық ауылы
- Тұрабаева Сара Нәрешбекқызы
№8 жалпы білім беретін орта мектеп, мұғалім, Жетібай ауылы
- Мухашева Айжан Нұрлыбаевна
№7 жалпы білім беретін орта мектеп, мұғалім, Мұнайшы ауылы
- Жабасов Самат Кадинович
Жеке кәсіпкер, Құланды ауылы
- Тулелов Избасар Аманқосович
«Қазақстан теміржолы» ҰҚ» АҚ, ст. Ералы



Ұстаздық – ұлы мәртебе

Адам. Қоғам. Заң

ЕҢ ҮЗДІК МАМАНДЫҚ

Мамандық таңдау, мамандықта жолы болу деген нәрсе адам тағдырына тікелей әсер етеді ғой. Ал сол мамандыққа деген махаббаттың болуы, мамандыққа деген сүйіспеншілік мүлде бөлек дүние! Ішкі қалаумен жасаған кез келген дүние нәтиже беретіні рас.



Сондықтан мамандық таңдау кезінде міндетті түрде ішкі сезіммен, ішкі жан-дүниенің таңдаған дұрыс-ақ! Әр адам қолынан келетін іске қарай бейімделіп, қызығатын нәрсесінен қомақты нәтиже бере алатындай таңдау жасау керек.

Мен бастауыш сыныптың мұғалімімін. Мұғалім мамандығына жастайымнан бейімделгенім деуге болады. Көзімді ашып көргенімде, құлағыммен алғаш естігенім де – мұғалім. Мені ешқашан «оқуға қайда барамын, кім болып жұмыс істеймін» деген сұрақтар мазалаған емес, себебі ұстаздықтың қадір-қасиетін отбасынан сезініп өстім. Мен өмірімді жұмыстан бөлек елестете аламын ба? Жоқ, мен үшін ұстаздық – бұл мамандық емес, өмір салты. Ұстаздық – бұл менің жаратылысым. Сондықтан, ұстаздық – бұл адамға берілетін сый, талант, өмірлік іс дер едім.

«Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады» - деп ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд айтпақшы, шабыттандыра отырып тәрбиелеу, көрсете отырып білдіру, мақтап отырып жазалау, қайрап отырып өсіру – мұғалім қолындағы ешкім көре алмайтын сиқырлы таяқша. Әрбір сабақтың қызықты, тартымды етуін, әрбір оқушы сыныптан шыға бере өзінің бүгінгі нәтижесі мен мүмкіндіктерін мақтан ететіндей сезімде болуын қадағалаймын. Оқушы үшін білім алатын орта қалыптастыру, оқушының ішкі уәжін ояту, оған өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсету, өзін-өзі бағалау, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, алған білімнің күнделікті өмірде қажеттілігін түсіндіру – менің алдыма қойған мақсатым.

Әр шәкірт қайталанбас тұлға. Оның жан-дүниесі – өзінше бір әлем. Ал ұстаз – шырақты маздатушы, ұстаз – кереметті көруші, дарынды танушы, тентекті жөндеуші, ақылды беруші, біліммен сусындатушы. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық.

Ал жаңашыл ұстаз қандай болуы керек?

Шеберлігі мен креативтілігі қатар үйлескен шебер мұғалім болу керек. Қазіргі цифрлы қоғамда баланың қызығушылығын арттыру қиындыққа тірейтін заманда білім беруді басқаша қырынан бере алу мұғалімнің керемет шеберлігін талап етері сөзсіз. Бала бойындағы қызығушылықты арттыру ұстаздың ең бірінші мақсаты болғандықтан, заман ағымымен бірге жүзе отырып, соңғы өзгерістермен бірге шауып, бойына жинаған білімді қызылды-жасылды заманда бала бойына еркін сіңіре алуға еңбек ете алу керек. Мұғалім шеберлігі қандай болмақ? Мұғалімнің әр сабаққа дайындаған тапсырмасының өзі бірқалыпты деңгейде болмауы керек. Сол себепті шығармашыл білім алушыға күрделі әрі сыни тұрғыда ойландыруға жетелейтін тапсырмалар беріп отыруы керек. Осыдан барып біз баланы алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға ретінде қалыптастырамыз. Теорияны тәжірибемен ұштастыру! Міне, ұстаздың шеберлігі осында жатыр. Алған білімді бала тек біліп қана қоймай, өмірде қолдана алуы маңызды. Нәтижесінде біз өмірге бейім, кез келген тығырықтан жол таба алатын тұлғаны тәрбиелейміз.

Ұстаздың осыншама қадір-қасиет, құрметке бөленуі – өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге.

Сөзімді Лев Толстойдың: «Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болмақ» – деген сөзімен түйіндеп, әр шәкірт жүрегінен орын алатын ұстаздардың қатарында болайық дегім келеді!

**Н.ҚУАНОВ,
Зердебай Бекарыстанұлы
атындағы №3 жалпы білім беретін
мектептің бастауыш сынып
мұғалімі.
Жетібай ауылы.**



ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Заңдылықты қамтамасыз етудегі шаралардың бірі – бұл нормативтік-құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізу болып табылады.

Құқықтық мониторинг қабылданған нормативтік-құқықтық актілерде қолданыстағы заңнамаға қайшылықтарды, қайталануларды, олқылықтарды, тиімсіз іске асырылатын, ескірген және сыбайлас жемқорлықтық құқық нормаларын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Жергілікті деңгейде құқықтық мониторинг объектілері болып мәслихаттың нормативтік-құқықтық шешімдері, әкімдіктің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімнің нормативтік-құқықтық шешімдері, тексеру комиссиясының нормативтік-құқықтық қаулылары (бұдан әрі – НҚА) танылады.

Өз кезегінде, қолданыстағы заңнамалармен мемлекеттік органдарға өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеуші болған не өздерінің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілердің

мониторингін жүргізу және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не күші жойылды деп тану жөніндегі шараларды қабылдау нақты міндеттелген.

Дейтұрғанмен уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жөніндегі қызметін үйлестіру әділет органдарының құзырында екендігін атап өткен жөн.

Осы мақсатта әділет департаментімен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының нормативтік құқықтық актілерінің қолданыстағы заңнамаларға сәйкестігіне үнемі қосымша құқықтық мониторинг жүргізіліп отырады.

Осылайша 2024 жылда қолданыстағы заңнамаларға сәйкес келтіруді талап ететін 41 НҚА анықталып, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына қолдандырылуы заңдылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау қажеттілігі туралы хаттар мен заң бұзушылықты жою жөнінде ұсыныстар жолданды. Нәтижесінде жергілікті мемлекеттік органдармен аталған нормативтік құқықтық актілер

қолданыстағы заңнамаларға сәйкес келтіріліп, өзгерістер (толықтырулар) енгізу не күшін жою бойынша шешімдер қабылданды.

Сондай-ақ, қызметтік міндеттерін тиісті деңгейде атқармағаны және нормативтік құқықтық актілерді сәйкес келтіру бойынша шараларды уақытылы қабылдамағаны үшін жергілікті мемлекеттік органдармен 14 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қорытындылай келе, нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ету азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауы, міндеттерін орындауы үшін маңызы зор екендігін айта келе, заңдылықты қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың басты міндеті деп білемін.

**Г.БАЙҒАБЫЛОВА,
Маңғыстау облысы әділет
департаментінің
нормативтік құқықтық актілерді
тіркеу бөлімі басшысы.**

Эпидемиология

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТИҢ КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН КӨЛЕМІ ШЕҢБЕРІНДЕ ОЛАРҒА ҚАРСЫ МІНДЕТТІ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЕКПЕЛЕР

«Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысы негізінде келесі инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер (вакциналарды енгізу) жүргізіледі:

1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен:
 - 1) жоспарлы профилактикалық екпелер: адам папилломасы вирусы туғызған ауру;
 - 2) эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша профилактикалық екпелер: коронавирус инфекциясы.
2. Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен:
 - 1) жоспарлы профилактикалық екпелер: «А» вирустық гепатиті; «В» вирустық гепатиті; b типті гемодилді инфекция; дифтерия; көкжөтел; қызылша; қызамық; пневмококк инфекциясы; полиомиелит; сіреспе; туберкулез; эпидемиялық паротит;
 - 2) эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша профилактикалық екпелер: «А» вирустық гепатиті; «В» вирустық гепатиті; дифтерия; көктемгі-жазғы кенезеңцефалиті; күйдіргі; құтырма; қызылша; қызамық; оба; сіреспе; туляремия; тұмау; іш сүзегі; эпидемиялық паротит.

Вакцина – белгілі бір инфекциялық аурудың қоздырғышы болып табылатын микроорганизмдерден, яғни бактерия, вирус және т.б. алынып, иммундық қасиетті арттырып, жұқпалы аурулардың алдын алу үшін адамдар мен жануарлар организміне егілетін препараттар. Вакциналарды өндіру кезінде оларды қажетсіз және зиянды заттардан тазартып, тек аурудан қорғау үшін қажет нәрселерді ғана қалдырады. Осының нәтижесінде олар ауру тудыра алмайды, бірақ иммунитет қалыптастыруға қабілеті сақталады.

Ал вакцинация бұл вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды антиденелерді өндіру үшін адам ағзасына енгізу процедурасы, басқаша айтқанда, инфекциялардан қорғаудың ең тиімді әдісі. Вакцинациялардың арқасында қауіпті жұқпалы аурулардың,

соның ішінде оба, тырысқақ, туберкулез, қызылша, көкжөтел, вирустық гепатиттер, дифтерия, коклюш, сіреспе (столбняк) және т.б. кеңінен таралуы тоқтатылып, аурудың ағымы жеңілдетіліп, аурулардың санын азайтуға, ал кейбір ауруларды мүлдем жоюға мүмкіндік берді.

Қазіргі заманғы медицинада жұқпалы аурулардың алдын алудың вакцинациядан гөрі тиімді құралы жоқ және вакцинация бір қатар жұқпалы аурулардан қорғаудың жалғыз сенімді әдісі болып табылады. Вакцинациясыз қазір әлемде қауіпті инфекциялардың эпидемиялары өршіп, елдер арасындағы көлік қатынастарының дамуына байланысты, бүкіл әлемге жүздеген жылдар бұрынғыға қарағанда анағұрлым тезірек таралатын еді.

Ата-аналардың рұқсатынсыз ешбір екпе балаларға салынбайды, сол себептен ата-аналардың балаларын тиісті жоспарлы екпемен ектіруден бас тартуы салдарынан екпе алмаған балалар санының көбеюі байқалады. Бұл ұжымдық иммунитеттің төмендеуіне әкеліп, кейбір инфекциялық аурулардың өршуіне себепші болып келеді, мысалы, елімізде 2023-2024 жылдардағы қызылша, эпид. паротит, көкжөтел, вирустық гепатит «А» ауруларының эпидемиологиялық ахуалын білдірді. Науқастардың басым көпшілігі екпе алмаған балалар болды.

Елімізде халықты иммунизациялау кезінде, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өткен вакциналар ғана қолданылады. Қолданатын алдында әрбір вакцина қажетті келтеген тексерістерден өтіп, қолданысқа ие болған кезден кейін де кезекті тексерістерден өтіп тұрады.

Вакцинациясыз біз өмірімізге қауіпті ауруларға шалдығу қаупіне ұшыраймыз, тек екпе жасату бұл өзін де айналандырады да қорғауға мүмкіндік береді. Кейбір адамдарға организмнің жеке ерекшеліктеріне байланысты, сонымен қатар жаңа туған нәрестелерге кез келген вакцина салуға болмайды. Оларды вакциналар арқылы алдын алуға болатын аурулардан қорғау айналандырады вакциналардың болуына байланысты.

Өмірдегі ең басты байлық – денсаулық екенін ұмытпайық.

**Ж.СЕЙДАХМЕТОВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау
басқармасының басшысы.**

Бала тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Бала тәрбиесі – қоғамның ең басты мәселелерінің бірі. Қай заманда болсын, бала тәрбиесі ұлттың болашағы, қоғамның өркендеуі үшін маңызды рөл атқарған. Себебі бала – адамзаттың ертеңгі күнін жалғастырушы, қоғамның келешегін қалыптастырушы. Сондықтан әрбір ата-ана, әрбір мұғалім, жалпы қоғам баланың жан-жақты дамуы мен дұрыс тәрбиеленуіне жауапты. Бала тәрбиесі – ата-ананың қасиетті борышы. Отбасында қалыптасқан тәрбие баланың болашақтағы мінез-құлқы мен дүниетанымына әсер етеді. Ата-ана өз баласына тек қамқорлық көрсетіп қана қоймай, оған рухани және адамгершілік құндылықтарды сіңіруі тиіс. Бала үшін ата-анасының іс-әрекеті мен сөзі – ең үлкен үлгі. Сондықтан ата-ана өз әрекеттерімен баласына жақсы тәрбие беруге тырысуы қажет. Мектептегі тәрбие де маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер баланың білім алуына ғана емес, оның адамгершілік, мәдени, әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына да үлес қосады. Мектептегі тәрбие жұмыстары баланың қоғамда өз орнын табуына, достық қарым-қатынастар құруына, өз пікірін білдіруіне мүмкіндік береді. Мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы

баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың дамуы бала тәрбиесіне әсер етуде. Балалар интернет, әлеуметтік желілер арқылы көптеген мәліметтерге қол жеткізе алады. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтсе де, кейбір жағдайларда теріс ықпалын тигізуі мүмкін. Сондықтан ата-ана мен мұғалім баланың интернеттегі әрекеттерін бақылап, оны дұрыс пайдалануға бағыттауы тиіс. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеудің де маңызы зор. Халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын балаға үйрету арқылы оның бойында патриоттық сезімді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты қасиеттерді қалыптастыруға болады. Қазақ халқының «Баланы жастан» деген мақалы да осының дәлелі. Қорыта айтқанда, бала тәрбиесі – ұлттың, қоғамның болашағын анықтайтын маңызды мәселе. Балаға дұрыс тәрбие беру үшін ата-ана, мектеп және қоғамның

өзара тығыз байланысы қажет. Тәрбиелі, білімді ұрпақ қана елдің дамуына үлес қосып, жарқын болашақтың негізін қалайды.

**Әсем ЖҰМАҒАЛИЕВА,
№5 жалпы білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
Мұнайшы ауылы.**

Коллаж Ш.Аязбаева.



Сапалы білім – заман талабы

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ӘДІСТЕР

Қазіргі қоғамның негізгі даму бағыттарының бірі – білім беру жүйесін жаңарту және оның сапасын арттыру.



Қазақстанда білім беру жүйесі соңғы жылдары түбегейлі реформалардан өтуде. Әсіресе, соңғы 10-15 жылда білім беру мазмұны мен тәсілдері жаңа талаптарға сай өзгеріп келеді.

Бұл өзгерістер әлемдегі білім беру үрдісіне байланысты, себебі қазіргі заманғы қоғам үздіксіз жаңару мен өзгерістерге толы, сондықтан білім беру жүйесі де оларға бейімделуі тиіс.

Жаңа әдістер білім беруде білім алушыларды тек дайын біліммен қамтамасыз ету ғана емес, оларды өмірде кездесетін түрлі мәселелерге шешім қабылдай білуге, өз бетімен әрекет етуге үйретуі көздейді. Бұл орайда, әсіресе оқушылардың жеке тұлғалық дамуы мен олардың білімін тереңдетуге арналған жаңа әдістемелер мен технологиялар үлкен маңызға ие.

Қазіргі кезде білім беру әдістері бұрынғыдан әлде қайда инновациялық сипатқа ие. Оқу процесіне жаңа технологиялардың енгізілуі оқу сапасын арттырып, оқушылардың білімге деген қызығушылығын оятуда маңызды рөл атқарады. Бұл ретте келесі әдістер мен тәсілдер кеңінен қолданылып жүр.

Жобалық әдіс – оқушыларға нақты бір тақырып бойынша дербес немесе топ болып жұмыс істеуді ұсынатын тәсіл. Бұл әдіс оқушылардың зерттеу, талдау, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар нақты тапсырмалар бойынша жұмыс істегенде өздерінің зерттеу дағдыларын жетілдіріп, мәселені шешу жолдарын іздейді.

Жобалық әдіс жеке тұлға ретінде дамуға, өз идеяларын жүзеге асыруға және топпен жұмыс жасауға дағдыландырады. Бұл тәсіл көбінесе нақты өмірде кездесетін жағдайларға ұқсас, сондықтан оқушылардың алған білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Белсенді оқыту әдістері оқушының тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы болуын қамтамасыз етеді. Бұл әдіске, пікір таластар, топтық жұмыс, тренингтер, презентациялар және басқа да белсенді әрекеттер кіреді. Оқушылар өз ойларын білдіріп, сыныптастарымен пікір алмасады, бұл олардың сыни ойлауын, коммуникативтік дағдыларын және көшбасшылық қасиеттерін дамытады.

Білім беру жүйесіндегі жаңа әдістер мен технологиялар оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға және өмірде кездесетін мәселелерді шешуге дайын болуына ықпал етеді. Қашықтан оқыту, жобалық әдіс, белсенді оқыту және басқа да жаңа тәсілдер білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамдар болып табылады. Заманауи білім беру жүйесі тек теориялық білім – мен шектелмей, практикалық дағдыларды меңгеруге, сондай-ақ жеке тұлғаның дамуына арналған жаңа мүмкіндіктер ашады.

Ақжарқын ҚАРЖАУОВА,
жалпы білім беретін мектеп-гимназиясының
ағылшын тілі мұғалімі.

ХАБАРЛАМА

Қарақия аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі Сіздерге, «Қарақия ауданы, Құрық ауылының шекарасын өзгерту туралы» Қарақия ауданы әкімдігінің қаулысы және Қарақия аудандық мәслихатының шешімі жобасы Қарақия ауданы әкімінің ресми сайтында жарияланғандығын хабарлайды. <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-karakiya/documents/details/776533?lang=kk>

№21

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Nomad west oil» ЖШС-і: «Маңғыстау облысы Тастөбе учаскесіндегі №№ 2-Т, 3-Т барлау ұңғымаларына арналған алаңдар мен жолдар» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспар жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Географиялық координаттары (бойлық және ендік): № 2-Т: 43° 35' 27,72103" / 52° 09' 29,7695". № 3-Т: 43° 43' 21,62316" / 52° 16' 0,4154".

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, Жетібай ауылы, «Мәдениет үйі».

Өткізілетін күні мен уақыты: 2025 жылғы 21 ақпан, сағат 11:00-де.

Онлайн қосылымға белсенді сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/2963786453?pwd=HEa4zsgJ0mpmKuNKCTzwTObgj2aJL.1&omn=83287703928>

Конференция идентификаторы: 296 378 6453 Кіру коды: j25Yc0

Жоба тапсырушы: «nomad west oil» ЖШС, БСН 230540031649, телефон +7 778 901 0187 - Елубаева Алтын.

Жобаны әзірлеуші: «Оптимум» Жобалау Институты» ЖШС, БИН 000740000123, телефон +77292 544 050 (189)

Бірыңғай экологиялық порталда жобалық құжаттама пакетімен <https://ecportal.kz>, сондай-ақ Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=kk> танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz>, сондай-ақ ЖАО электрондық мекен-жайы бойынша: g.tulembet@mangystau.gov.kz қабылданады.

№25

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ОО «nomad west oil» объявляет о проведении общественных слушаний по проекту: Раздел охрана окружающей среды к рабочему проекту «Площадки и дороги для разведочных скважин №№ 2-Т, 3-Т на участке Тастөбе Мангистауской обл.» и План мероприятий по охране окружающей среды.

Географические координаты (долгота и широта):

№ 2-Т: 43° 35' 27,72103" / 52° 09' 29,7695". № 3-Т: 43° 43' 21,62316" / 52° 16' 0,4154".

Место проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Каракиянский район, Жетыбайская п.а., п.Жетыбай, «Дом Культуры». Дата и время проведения: 21 февраля 2025 года в 11:00 часов.

Активная ссылка на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/2963786453?pwd=HEa4zsgJ0mpmKuNKCTzwTObgj2aJL.1&omn=83287703928>

Идентификатор конференции: 296 378 6453 Код доступа: j25Yc0

Инициатор, назначающий деятельности Заказчик проекта: ООО «nomad west oil», БИН 230540031649, телефон +7 778 901 0187 - Елубаева Алтын.

Разработчик проекта: ООО «Проектный Институт «Оптимум», БИН 000740000123, телефон +77292 544 050 (189).

На едином экологическом портале с пакетом проектной документации можно ознакомиться <https://ecportal.kz>, а также на сайте сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>

Все замечания и (или) предложения принимаются на едином экологическом портале <https://ecportal.kz>, а также по электронному адресу МОО: g.tulembet@mangystau.gov.kz

Еңбек ағамы



Жақында елордамыз Астана қаласында «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2024» республикалық конкурсының салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Барлық өңірлердің I, II, III орын алған жүлдегерлерін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының басқарма төрағасы Айдана Шилибекова мен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Ернұр Дәуенов жетістіктерімен құттықтады.

Республикалық байқаудың нәтижесі бойынша Маңғыстау облысынан қатысқан педагогтеріміз конкурстың 5 бағыты бойынша жеңімпаз атанды. Маңғыстау облысынан I орын әлеуметтік-эмоционалды сауаттылық

ЕҢБЕКТІҢ ЕЛЕНУІ – ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІСТІҢ НӘТИЖЕСІ

бағыты бойынша әріптесіміз, №5 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі Адемхан Уттибаева марапатталды. Бұл жетістік – сіздің ерен еңбегіңіздің, білім мен тәрбие жолындағы адал қызметтеріңіздің жемісі. Шәкірттеріңіздің жүрегінде өшпес із қалдырып, қоғамға саналы ұрпақ тәрбиелеудегі еңбегіңіз әрдайым жоғары бағаланады. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, ұлттың ұлағатты ұстазы ретінде табысты болуыңызға тілектеспіз. Жеткен жетістігіңіз жалғасын тауып, әлі талай марапаттарға ие бола беріңіз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық шабыт тілейміз!

Гүлжан ЖҰМАЕВА,
№5 жалпы білім беретін мектептің
тарих пәні мұғалімі.
Мұнайшы ауылы.

ӨЗ-ӨЗІҢДІ ЖЕҢУ – ЖЕҢІСТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

Психолог – адамдардың мінез-құлқын түсініп, қалыптастырып және түзететін ерекше мамандық иесі. Бұл кәсіптің маңызы зор болғанымен, оның нәтижесі кейде көзге көрінбей, байқалмай қалуы мүмкін. Менің әріптесім Ақмарал Жолдас – осы саланың нағыз шебері. Ол өзінің кәсібін шынайы берілген, ізденімпаз және өз ісіне мұқият қарайтын маман. Ақмарал тек оқушылармен ғана емес, олардың ата-аналарымен және әріптестерімен де тығыз қарым-қатынас жасап, жемісті жұмыс істеп келеді. «Қолайсыз» деп, сипатталатын оқушылармен жұмыс жасау оның мықты тусы. Ол әр баланың ішкі мәселесін түсініп, оның түйінін шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, ата-аналарға да қолдау көрсетіп, күрделі жағдайлардан жол тауып шығуына ықпал етеді. Ақмарал әріптесіміздің жетістіктері оның маңдай тері мен табандылығының нәтижесі. Ол мамандықтың барлық қыр-сырын терең меңгеріп, өз ісінің үздігі атанып жүр. 2023 жылы республикалық «Үздік жыл психологі» байқауының аудандық кезеңінен I орын, облыстық кезеңінен III орын иеленді. 2023 жылы «Буллингтің және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбы



Жолдас Ақмарал

бойынша аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөліскені үшін 2024 жылы Қарақия ауданының әкімі С.Төретаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, мектепшілік «Екі жұлдыз» өн байқауынан гран при, «Үйренейік, ізденейік, Жас маман» байқауынан I орын иеленді. Әріптесіме алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, шығармашылық шабыт пен қажымас қайрат тілеймін. Еңбегіңіздің жемісі артып, әр күні қуаныш пен жетістікке толы болсын!

Айнұр ЫСТЫБАЕВА,
№4 жалпы білім беретін мектептің
дефектолог маманы.
Жетібай ауылы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«ОСК-Т» ЖШС Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданында 2025-2033 жылдарға арналған Қызылқұм-1 учаскесінде қабықша әктас өндіру үшін РЕШН жобасы, ҚББ, ЭББ және Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары тақырыбында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні хабарлайды.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ: 2025 жылы 18 ақпанда сағат 10.00-де, Маңғыстау облысы, Құрық ауылы, мәдениет үйінің ғимаратында өтеді.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=87002600545>

Конференция идентификаторы 270 316 8932. Кіру коды: 96c0iG
ТАПСЫРЫС БЕРУШІ: «ОСК-Т» ЖШС, БСН 070140023906, Ақтау қ., 12-мкр, 72-үй, 5-п., тел.:87015885595

ЖОБАНЫ ӘЗІРЛЕУШІ: «Саркулова С.К.» ЖК, ЖСН 820209451385, Ақтау қ., 17-20, 20-кеңсе, тел.:87014848005

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРҒАН: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8(7292) 43-10-88; Жобалық құжаттама БЭП <https://ecportal.kz> сайтында орналастырылған.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ОО «ОСК-Т» объявляет, что проводит общественные слушания по Проекту НДВ для Добычи известняка-ракушечника на участке Кызылқұм-1 в Мунайлинском районе Мангистауской области на 2025-2033 года и ПУО, ПЭК и План природоохранных мероприятий.

СЛУШАНИЯ СОСТОЯТСЯ: 18 февраля 2025 года в 10.00 ч. МЕСТО ПРОВЕДЕНИЯ: Мангистауская область, село Курык, здание дома культуры.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=87002600545>

Идентификатор конференции 270 316 8932. Код доступа: 96c0iG
ЗАКАЗЧИК: ООО «ОСК-Т», БИН 070140023906, г.Ақтау, 12 мкр, дом 72, кв.5 тел.: 87015885595
РАЗРАБОТЧИКИ ПРОЕКТОВ: ИП «Саркулова С.К.», ИИН820209451385, г. Ақтау, 17-20, офис 20 тел.:87014848005

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл. почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел. 8 (7292) 43-10-88; Документация по проекту размещена на сайте ЭЭП <https://ecportal.kz>.

№20



Аудан тарихының айнасы

Құрметті Қарақия ауданы және ауданға қарасты барлық ауыл, елді мекендердің тұрғындары! Қазақта «тамырлы тарихыңды ұрпақ жадына сіңіргің келсе, ауылыңда ұлттық мұраңды сақтар орын болсын» деген астарлы сөз бар. Әрине, біз үшін және біздің аудан үшін сағаттың тіліндей жылжып жатқан әрбір күндеріміз айналып келмейтін құнды тарих болып, бір күндері парақшаға жазылары сөзсіз.

МҰРАЖАЙ РЕСМИ АШЫЛАДЫ



Өндірісі мен өркениеті қатар дамыған қазыналы Қарақияның бүгінгі де, өткені де үлкен тарих. Өздеріңіз көріп, құлағдар болып отырғандарыңыздай, 2024 жылы 50 жылдық тарихы бар Қарақия ауданында, Маңғыстау облыстық Ө.Кекілбаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің аудандық филиалына қарасты музей ғимараты салынып пайдаға берілді. Қазіргі таңда облыстық музей басшылығының қолдауымен музейдің ішкі жасақтау жұмыстары жүргізіліп, түрлі жәдігерлер және аудан тарихына байланысты ақпараттармен толығып, жақын арада ресми ашылуына дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ауданымызда жаңа мұражай ғимаратының ашылуына байланысты қолдарыңызда ұстап отырған құнды жәдігерлер болса, біздің мамандарға тапсыруларыңызды сұраймыз! Ел тарихына қатысты немесе бұрынғы ұсталар мен шеберлер жасаған құнды бұйымдар мен тарихи жазбалар, зергерлік бұйымдар, бұрынғы ата-әжелеріміздің қолданған киімдері бәрі-бәрі өткен тарихымыздың құнды мұралары болып саналады.

Сондықтан, болысына қарай ерекше күтімге лайықты тарихи құндылықтардың арнайы сақталатын орны, музей орталығында болғанын тиімді деп санаймыз. Жәдігер жыл өткен сайын ескіріп, бір күндері жарамсыз күйге түсуі мүмкін. Ал, музейде сақталған әр экспонаттарды арнайы мамандар ерекше күтімге алып, реставрациялық жұмыстарды да жүзеге асыратынын қаперлеріңізге береміз. Бұл жерде сіздің жәдігеріңіз тарихи маңызын жоғалтпаумен бірге, музей көрермендері мен туристердің тарапынан жоғары баға алуына да барынша ықпал жасалмақ.

Маңғыстау облыстық Ө.Кекілбаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің Қарақия аудандық филиалының әлеуметтік желідегі парақшасына тіркеліңіздер! Аудан тарихы біздің тарих. Болашағымыз жарқын, тарихымыз ұмытылмайтын мәңгілік болсын!

Бибіңур МАХАМБЕТОВА,
музей қызметкері.



Жас өнертапқыштар

Жас ұрпақтың білімге деген құштарлығы мен зерттеушілік қабілетін дамытуда «Зерде» оқушылардың ғылыми жобалар байқауы маңызды орын алады. Байқауда біздің мектептің дарынды оқушылары өздерінің ерекше қабілеттері мен тың идеяларын дәлелдеп, жеңімпаз атанды.

Байқауға қатысқан оқушыларымыз түрлі салалар бойынша өзекті тақырыптарды зерттеп, тың нәтижелерге қол жеткізді. Олардың ғылыми ізденістері қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталған жаңашыл көзқарастарымен ерекшеленді. Зерде жобасының кішкентай жеңімпаздары екі топ командалық жұмыспен қатысқан 3-сынып оқушылары: Аида Азаматқызы, Ясина Орунбасар, Айзере Айдосқызы, Жансезім Нұрболқызы. Оқушыларымыздың жетістігі керемет жаңалық болды. Құмсағат ойын ойлап табу – бұл шығармашылық пен ұлттық

МЕҢІСПЕН ЖАРҚЫРАҒАН АСЗЕРТТЕУШІЛЕР

өнерді жаңғыртудың тамаша үлгісі. Және де екінші топтың тақырыбы: «Үй жағдайында эфир майларынан өтір әзірлеу» Эфир майларынан өтір жасау – өте қызықты өрі өзекті тақырып. Оқушыларымыздың осындай шығармашылық жоба жасап, жүлделі орын алғанына қуаныштымын. Бұл химия, экология және өнердің үйлесімін көрсететін тамаша жаңалық. Бұл жеңістердің артында тек оқушылардың қажырлы еңбегі ғана емес, сонымен қатар, оларға бағыт-бағдар берген ұстаздарының да зор еңбегі жатыр. Әрбір жобаны әзірлеу барысында жетекші мұғалімдер шәкірттеріне қолдау көрсетіп, зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар берді. Бұл жетістіктер – оқушыларымыздың таланты мен еңбегінің нәтижесі ғана емес, сондай-ақ, білім ордасының жоғары деңгейдегі тәрбие мен білім беру жүйесінің жемісі. Жеңімпаз оқушыларымызға алдағы уақытта да үлкен жетістіктерге жетіп, ғылыми ізденіс жолында қанаттарың талмасын дегім келеді. Олардың бүгінгі жеңісі – ертеңгі үлкен табыстарының бастауы!

Рахим НҰРБАЕВ,
№5 жалпы білім беретін мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі.
Мұнайшы ауылы.



Маман кеңесі

ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ



Өрт... Соңғы кездері бұл жан түршіктіретін сөз жиі естіліп жүр. Ал тұтанудың пайда болуы – бұл көбінесе тек қана электр құрал-жабдықтарын пайдалану негіздері мен қауіпсіздігі. Олардың ішіндегі әрбір өрт – баланың отпен ойнауының нәтижесі. Жалпы алғанда, ауданда орын алған өрттердің 70%-ы тұрғындардың немқұрайлылығы себебінен болады. Кәмелет жасқа толмағандардың кінәсінен жыл сайын барлық өрттердің 10%-ы орын алады.

Балалардың отпен ойнауы, абайсыздығы туралы мәселе жаңалық емес. Кейде ата-аналар күнделікті өмірдің қарбаласында балаларды өзімен өзін қояды, оларды қараусыз қалдырады, баланың кез келген сәтте өз өмірін қауіп-қатерге тігуі мүмкін екенін ұмытып кетеді.

Тәжірибе көрсеткендей, жағушылар да, өкінішке орай, зардап шегушілер де әдетте мектепке дейінгі және кіші сынып оқушылары жасындағы бүлдіршіндер болып табылады. Қауіптің қайдан, қалай келетінін болжай алмайтын олар, үлкендерге еліктеп қолдарына сіріңке, оттық алып электр құралдарын қосады және пеш, алау, от жағуға талпынады. Кейде қаперсіз ата-аналар балаларының мұндай іс-әрекеттерін өздері қолдайды. Балалар отқа кәдімгі, қауіпсіз нәрсе ретінде қарап үйренеді. Алайда дәл осы жағдай қайғыға әкеліп соғады.

Қазақстанда өрт қауіпсіздігі мәселесін шешу көбінесе тұрғындардың өртке қарсы білім деңгейін көтеруге

байланысты. Сондықтан, мемлекетіміздің маңызды міндеттерінің бірі — барлық тұрғындарды, әсіресе балалар мен жастарды өрт қауіпсіздігіне үйретуді ұйымдастыру деп санаған жөн. Болашақ инженерлер, кәсіпкерлер, жұмысшылар мен қызметшілерде балалық және жас кездерінен бастап өндірісте де, тұрмыста да өртке қарсы өзін-өзі ұстаудың мықты негізі қалануы тиіс.

Қарақия ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері білім беру мекемелерімен бірге өртке қарсы байқаулар, тақырыптық мерекелер, балалар шығармашылықтарының көрмелерін және басқа да іс-шаралар ұйымдастырды. Оларды жүргізу барысында балалар өрт қауіпсіздігі негіздерімен таныстырылып, өрт сөндіру құралдарын қолдануды тәжірибе жүзінде үйретіп, тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша жадинамалар таратты.

Б.ЖЕКЕНОВ,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Меншік иесі:

MAŃGYSTAŪ
MEDIA

Директор –
Гүлмира ӘБИШЕВА

Қабылдау бөлімі, тел.факс: 20-48-34
mangystau.media@mail.ru

Қарақия

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13357-Г куәлігі берілген.

Редактор – Ш.КЕНДІН
Тілшілер: – Гулия БӨЛЕКБАЕВА,
Нұртас ХАНГЕЛДІ.

Газет «Маңғыстау-Медиа»
ЖШС
ақпарат және дизайн
орталығында беттелді.

Беттеуші дизайнер - Ш.Аязбаева

«Атырау-Ақпарат» ЖШС
баспаханасында басылды.
060005.

Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев
көшесі, 29А.
Тел.8 7122 458-660, 586-392.
Тапсырыс: 0039



- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтеме-сіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер галамтордан алынады.

Таралымы: 1162. Индекс: 65681.
газеттің бағасы келісімді.

АҒА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

17 ҚАҢТАР, ЖАҢБЫР
түнде: -7 | күндіз: -5

18 ҚАҢТАР, ЖАҢБЫР
түнде: -9 | күндіз: -6

19 ҚАҢТАР, ЖАҢБЫР
түнде: -8 | күндіз: -2

20 ҚАҢТАР, ЖАҢБЫР
түнде: -4 | күндіз: -1

21 ҚАҢТАР, ЖАҢБЫР
түнде: -9 | күндіз: -2